

2020-2021 оқу жылы «№27 ЖОББМ» КММ ЕБҚ оқушыларға арнайы жағдай жасау туралы есебі

Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы «№27 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ ЕБҚ оқушыларға пандус арнайы тұтқаларымен орнатылған. Бұл балаларды мектепке бейімдеу мақсатында мектеп әкімшілігі және педагогтар тарапынан жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Мектепте психолог кабинеті жұмыс істейді, жоспарға сай бағдарлама бойынша жұмыс жасайды. Инклюзивті білім беру жұмыстарын ұйымдастыратын, құжаттарны рәсімдейтін директордың орынбасары да бар.

2020 оқу жылында ЕБҚ оқушылар саны -9, олар 8 сыныпта отыр. 3а сыныбында -1 оқушы, 4а сыныбында 1 оқушы, 5 а сыныбында-1 оқушы, 5ә сыныбында-1 оқушы, 5б сыныбында—2 оқушы, 6а сыныпта- 1 оқушы, 8б сыныпта-1 оқушы, 9б сыныпта-1 оқушы. Үйден оқитын оқушы саны-3. Инклюзивті сыныптарда 26 мұғалім білім береді.

2021 оқу жылының наурыз айының есебінде оқушы саны өзгерген жоқ. Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың оқып-үйренуіндегі қиындықтарын дер кезінде анықтап, оларға коррекциялық- педагогикалық қолдау көрсету үшін, мамандар жетіспейтіндігін ескереміз. Мектептегі білім игеруге байланысты қол жеткізілген деңгей туралы оқушылар мен ата-аналарды хабардар етіп отыру үшін тұрақты түрде психологиялық, педагогикалық мониторинг жүргізіліп тұрады. Ерекше қажеттілігі бар балаларға әлеуметтік ортаға кіру үшін отбасынан басқа орта керек, басқа балалармен араласу керек, ата-анадан басқа мұғалім қажет. Инклюзивті білім берудің негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жою, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру мақсаты бар.

-Инклюзия кабинеті 11767,0 тг

-Инклюзивті білім беру жағдайында қойылатын талаптар:

-ЕБҚ оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдай жасау;

-мектептің физикалық тұрғыдан қол жетімділігін қамтамасыз ету (лифтілер, арнаулы жиһаз);

-кадрлармен қамтамасыз ету: (логопед, дефектолог, т.б)

-жалпы білім беру үдерісіне ендірілген балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау жасау;

-арнаулы техникалық жарақтармен қамтамасыз ету (есту, көру, сөйлеу мүшелерінің ақаулықтары бар балалар үшін);

-педагогтарға, мүмкіндігі шектеулі және сау балаларға, оқушылар ата-аналарына, сондай-ақ мектептің техникалық персоналына кеңестер беру.

2020-2021оқу жылында 6,8-ші сыныпта оқитын ЕБҚ оқушылары кітаптармен қамтылды. Басқа да сыныпта оқитын оқушыларға кітап, басқа да оқу материалдарына өтінім берілді.

Наурыз айының 24-30 наурыз аралығында Нұрсұлтан қаласы «AGZHAN» ғылыми –білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткізілген онлайн курсты мектептің үш мұғалімі оқыды.

Директордың м. а

А.А.Тажобаева

Орындаған: А.К.Кызданова